

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 258 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 261 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.04.2015 № 261 қаулысымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы
№ 2 5 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары 1. Миссиясы мен пайымы

Миссиясы: бәсекеге қабілеттілікті және тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімді қамтамасыз ететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Пайымы: жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, зиялы халық.

2. Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті қызмет салаларының (аяларының) даму үрдістері

1-стратегиялық бағыт. Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету
Білім – елдің зияткерлік капиталын қалыптастырушы стратегиялық ресурс. Осыған байланысты білім Қазақстанның барлық даму стратегияларында аса маңызды басымдықтардың бірі ретінде айқындалған.

Президент Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында білімді тағы да еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіруі жөніндегі жұмыстың басым бағыттарының бірі ретінде белгілеп берді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 9 бұйрығымен Білімнің, ғылымның және жастар саясатының басым бағыттарын іске асыру жөніндегі 2014 – 2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Дамудың басым бағыттарының жоспары) б е к і т і л д і .

Жоспарда Мемлекет басшысы алға қойған сапасы және қолжетімділігі бойынша қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне сай келетін бәсекеге қабілетті және ұтқыр білім беру жүйесін құру міндетін іске асыру жөніндегі тактикалық іс-қимылдар айқындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың маңыздылығын арттыру жалпыәлемдік үрдістер қатарына жатады. Балабақшаға баратын балалар білім берудің барлық деңгейінде білімді жақсы меңгереді және өмірде табыстырақ б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 2013 жылмен салыстырғанда 1,9 %-ға өсті және 1-6 жастағы балалардың 48,8 %-ын, ал 3-6 жастағы балалардың 73,4 %-ын құрайды, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90-100 % - ғ а ж е т е д і .

Мектепке дейінгі ұйымдардағы орынға кезектің жыл сайын өсуі бала туу есебінен еліміз бойынша орта есеппен 19,9 %-ды құрайды. Бұдан басқа, бес өңірде бала туу және көші-қон факторларына байланысты бұл көрсеткіш 24,3 %-ды құрайды: Оңтүстік Қазақстан облысында – 46,1 %, Жамбыл облысында – 10,4 %, Алматы қаласында – 23,1 %, Астана қаласында – 10,1 %.

Балабақшаларда 100 орынға орта есеппен 112 баладан келеді, оның ішінде қалаларда – 118. Қалалық жерде балабақшалармен 47,7 % (313,8 мың бала), ауылдық жерде – 31,8 % (160,1 мың бала) қамтылған.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру лайықты дамымай тұр. Мүмкіндігі шектеулі 138,5 мың баланың 44,8 мыңы немесе 32,3 %-ы – мектепке дейінгі жастағы балалар. Оның ішінде 8,1 мыңы – 0 – 3 жастағы, 36,7 мыңы – 3 – 6 жас аралығындағы балалар.

Арнайы мектепке дейінгі бағдарламалармен 27406 (61 %) бала оқытылуда.

Мәселен, 0-ден 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерді медициналық тексеру кезінде олардың дамуындағы проблемаларды анықтау 5,8 %-ды құрайды (2013 ж. – 8065, 2012 ж. – 8416), бұл түзету-дамыту көмегін көрсету және мүгедектіктің алдын

алу нәтижелеріне әсер етеді.

Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдармен қатар жеке меншік балабақшалар да ашылуда, егер 2011 жылы олардың саны 449 болса, қазіргі уақытта – 898.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында оқытудың қазіргі заманғы бағдарламалары мен әдістемелерін, білікті кадрларды ұсына отырып, 2020 жылға қарай 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамтуды 100 %-ға жеткізу жоспарланады.

Мектепке дейінгі білім берудегі негізгі міндеттердің бірі мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы проблемаларын тиімді шешуге ықпал ету болып табылады. Осыған байланысты, озық халықаралық және үздік отандық тәжірибелер ескеріле отырып, мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттары (бұдан әрі – МЖБС) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламалары жаңартылуда.

Қазіргі таңда республикамыздың мектепке дейінгі ұйымдарында 90-нан астам атауды қамтитын әдістемелік кешендері бар «Балбөбек», «Қайнар», «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары пайдаланылады.

Англия, Голландия, Австралия, Жаңа Зеландияның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс тәжірибесі ата-аналарды балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесіне тартудың тиімділігін көрсетті. Аталған жұмыс нысаны республикамыздың жекелеген өңірлерінде ата-аналарға арналған консультациялық пункт түрінде сәтті енгізіле бастады. Бүгінгі таңда республикада отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ететін, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек беретін, мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың жан-жақты тұлғалық дамуына қолдау көрсететін 2 мыңға жуық ата-аналарға арналған консультациялық пункттер жұмыс істейді.

Негізгі проблемаларды талдау

Мектепке дейінгі білім беруге толық қолжетімділік қамтамасыз етілмеген. Мектепке дейінгі орындарға қажеттілік 487,9 мың адамды (2012 жылы – 406,6 мың адам) құрайды. Бұл демографиялық, көші-қон, экономикалық факторлармен байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығы проблемасын шешу мақсатында Мектепке дейінгі ұйымдарды енгізу мен ашудың 2014 – 2020 жылдарға арналған қадамдық жоспары әзірленді. Жоспарға сәйкес 480 мыңнан астам орынның ашылуы қамтамасыз етіледі, бұл 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды 80 %-ға, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды 100 %-ға дейін қамтуға мүмкіндік береді.

Балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың қазіргі заман талабына сәйкес келмейтіндігі, мектепке дейінгі білім беруге инновациялық технологияларды енгізуде жүйеліліктің жоқтығы орын алуда. Бағдарламалық-нысаналы іс-әрекеттің болмауы жағдайында сапалы білімге қол жеткізудегі теңсіздік күшейе түсетін болады, бұл қалыптасатын әлеуметтік теңсіздікті күшейте түсетін факторлардың бірі болмақ. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін стратегиялық даму жоспарына сәйкес тұрған жері мен отбасы табысына қарамастан, барлық балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеуге және оқытуға мүмкіндік берілуі тиіс.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіне жаңа оқу-әдістемелік кешендер мен технологияларды әзірлеу, сынағалау және енгізу, қолданыстағы бағдарламаларды жаңарту жоспарланып отыр.

Проблемалардың бірі мектепке дейінгі ұйымдардың біліктілігі сай емес кадрлармен жасақталуы болып табылады.

Балабақшалардағы педагогтердің 20 %-ында ғана мектепке дейінгі тәрбиелеуге және оқытуға маманданған мектепке дейінгі педагогикалық жоғары білімі бар.

Қазіргі таңда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша кадрларды даярлау 32 жоғары оқу орны мен 31 колледжде жүзеге асырылады. Оларда тиісінше 19,9 мың және 5,5 мың адам білім алуда. Мемлекеттік тапсырыс (бұдан әрі – мемтапсырыс) бойынша оқытылатын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттер санының жыл сайын өскенін атап өткен жөн: 2013 жылы – 5,4 мың, 2012 жылы – 5,0 мың, 2011 жылы – 4,1 мың адам.

Мектепке дейінгі жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғаяуда: 2012 жылы – 35 орын, 2013 жылы – 70 орын.

Инклюзивтік білім беруді дамытудағы басты бағыт – дамудағы ауытқуларға ерте араласу – жеткіліксіз дамуда. Бүлдіршін жастағы балаларды түзету-педагогикалық көмекпен қамтудың төмендігі дамуында ауытқуы бар балаларды оңалтудың тиімділігіне кері әсерін тигізіп отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды сүйемелдеу бойынша психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін (ППТК) ашу қажеттілігі 54 бірлікті құрайды. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды түзету көмегімен қамтуы жеткіліксіз (10-нан 40 %-ға дейін).

Сыртқы және ішкі негізгі факторларды бағалау
1. Сыртқы факторлар:

- 1) демографиялық жағдайдағы өзгерістер: 1990 – 1999 жылдары бала туу деңгейі төмендеді, ал 2000 – 2010 жылдары бала туу көрсеткіші артты;
- 2) балабақшаларды пайдалануға берудің ұзаққа созылу сипаты;

- 3) қалдықты қағидат бойынша қаржыландыру;
- 4) толық емес күн болатын және лайықты түрде жабдықталмаған шағын орталықтар санының басым болуы (58,4 %);
- 5) мектепке дейінгі арнайы білімі бар педагог кадрлардың тапшылығы – жалпы педагогтер санынан 11 %;
- 6) экономиканың әйел еңбегіне деген сұранысы.

2. Ішкі факторлар:

- 1) «Балапан» бағдарламасын іске асыру мерзімінің 2020 жылға дейін ұзартылуы;
- 2) мектепке дейінгі ұйым түрлерінің әртүрлілігі (61,8 % – шағын орталықтар, 5,7 % – «мектеп-балабақша» кешендері, 26,8 % – жеке меншік балабақшалар, 1,8 % – отбасылық балабақшалар, 167 – балаларды дамыту орталықтары, 1183 – ата-аналарға арналған консультациялық пункттер және т.б.);
- 3) жаңартылған нормативтік құқықтық база және әдістемелік қамтамасыз ету;
- 4) жаңа әдістемелерді әзірлеу және инновациялық технологияларды енгізу;
- 5) 2016 жылы мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламаларын әзірлеу.

2. Орта білім беру

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес негізгі мақсат жаһандық экономикалық бәсекелестікте алдыңғы қатарда орын алатын және ұлттық қауіпсіздік пен азаматтардың конституциялық құқықтарының іске асырылуын сенімді қамтамасыз ететін ХХІ ғасырдағы алдыңғы қатарлы әлемдік держава ретіндегі Қазақстанның мәртебесіне сәйкес келетін экономикалық және әлеуметтік даму деңгейіне қол жеткізу болып табылады.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында «адамдардың өздері, олардың еркі, қуаты, табандылығы, білімі» ХХІ ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік серпіннің жетекші факторы болып табылады деп нақтылап өтеді.

Сондықтан білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаты экономиканың инновациялық даму талаптарына, қоғам мен әрбір азаматтың қазіргі талаптарына сәйкес келетін сапалы білімге қолжетімділікті арттыру болып табылады.

Бұл мақсатты іске асыру мынадай басым міндеттерді шешуді болжайды:

- 1) базалық орта білім берудің инновациялық сипатын қамтамасыз ету;
- 2) білім беру жүйесі институттарын әлеуметтік даму құралы ретінде жаңғырту;
- 3) үздіксіз білім берудің, кәсіби кадрларды даярлаудың және қайта

даярлаудың қазіргі заманғы жүйесін құру;

4) тұтынушылардың қатысуымен білім беру қызметтерінің сапасын және қажеттілігін бағалау тетіктерін қалыптастыру, халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу.

Білім беру жүйесінің базалық деңгейі орта білім беру болып табылады. 2013 – 2014 оқу жылында республикада жалпы контингенті 2,5 млн. құрайтын 7332 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді (2012 – 2013 оқу жылында – 7402 мектеп, контингенті – 2,5 млн. оқушы).

Тәуелсіздік жылдарында орта білім беру жүйесі үнемі жаңғыртылып келеді.

2013 жылғы 1 қыркүйектен бері ағылшын тілін 1-сыныптан бастап үйрету енгізілді.

Осыған байланысты алғаш рет бастауыш сыныптарға арналған ағылшын тілінен оқу бағдарламасы әзірленді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі – Министрлік) 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» жобасы Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесін жаңғыртуға ықпал ететін негізгі жобалардың бірі болып табылады. Зияткерлік мектептердің басты міндеті бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау ғана емес, өз тәжірибесін тарату жолымен Қазақстанның орта білім беру жүйесін дамытуға, барлық адамдар үшін сапалы орта білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге негізделеді.

Республикада физика-математика және химия-биология бағытындағы 15 Назарбаев Зияткерлік мектебі жұмыс істейді.

Оқушыларды оқыту үшін үздік шетел тәжірибесін және отандық практиканы біріктіретін Зияткерлік мектептерге арналған стандарт – Интеграцияланған білім беру бағдарламасы әзірленген. Пәндер бойынша 40 оқу бағдарламасы, 60 оқу жоспары әзірленді.

Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ тәжірибесін оқу процесіне енгізу бойынша мақсатты жұмыс жалғасуда. Республиканың 35 мектебінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі таратылуда.

2013 – 2014 оқу жылында үш тілде оқытатын мектептер саны 90-ды құрайды, оның ішінде 29 қазақ-түрік лицейі, 15 Назарбаев Зияткерлік мектебі, 33 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп, 13 жалпы білім беретін мектеп.

Елде жыл сайын оқушыларға элиталық білім беретін дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беретін ұйымдардың (бұдан әрі – ДБМБҰ) желісі ұлғаюда. Осылайша, 2013 – 2014 оқу жылында ДБМБҰ саны 2008 – 2009 оқу жылымен салыстырғанда 8 бірлікке өсіп, 115 мектепті құрады, оның ішінде

қалалық жерде – 107, ауылдық жерде 11 мектеп. Оқушылардың жалпы контингенті 50,7 мың баланы құрады.

Соңғы екі жылда қазақстандық оқушылардың халықаралық олимпиадалардағы нәтижесі бойынша Қазақстан математика, физика және химия пәндерінен әлемнің 15 үздік елінің қатарына енді. 2013 жылы республика оқушылары 967 медаль мен грамотаны жеңіп алды, оның ішінде 188-і алтын, 298-і күміс, 463-і қола медаль және 18 грамота.

Қазақстандық оқушылардың үздік жеңістері халықаралық зияткерлік олимпиадаларды ұйымдастыру комитеттерінің назарын аударды. Әртүрлі халықаралық олимпиадаларды ұйымдастырушы ретінде Қазақстанның мынадай маңызды халықаралық олимпиадаларды өткізу тәжірибесі бар:

- 1) 2006 жылы – Физикадан Азия олимпиадасы;
- 2) 2010 жылы – Халықаралық математикалық олимпиада;
- 3) 2012 жылы – Халықаралық Менделеев олимпиадасы.

Бүгінгі күні республика 2014 жылғы шілдеде әлемнің 80-нен астам елінің оқушылары қатысатын 45-ші Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO) мен 2015 жылы Оқушылардың информатикадан халықаралық олимпиадасын өткізуге дайындалуда.

Сондай-ақ 2014 жылғы қаңтарда әлемнің 17 елінен: Қазақстан, Ресей, Украина, Беларусь, Әзербайжан, Грузия, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Болгария, Румыния, Сербия, Үндістан, Индонезия мен Моңғолиядан 59 команда (390 қатысушы) қатысқан математикадан, физикадан және информатикадан мерейтойлық X халықаралық Жәутіков олимпиадасы өткізілді.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру мен оларды әлеуметтік бейімдеу ерекше оқыту қажеттіліктері ескеріле отырып қамтамасыз етіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды ерте және мектепке дейінгі жастан анықтау жағдайы жақсарды. Ертеден араласу балалардың әрі қарай жедел оңалуына ықпал етеді.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар 2013 жылы барлығы 138,5 мың мүмкіндіктері шектеулі баланы анықтады (2012 жылы – 151, 2 мың бала). Олардың ішінде 0 жастан 6 жасқа дейінгісі – 44,8 мың бала, 7-18 жастағысы – 93,7 мың бала. Мүмкіндіктері шектеулі балаларда мынадай ауытқулар анықталды: психикалық дамуының бөгелісі – 40,0 мың, ақыл-ойдың кешеуілдеуі – 22,5 мың, сөйлеудің бұзылуы – 36,9 мың, тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы – 20,2 мың, көру қабілетінің бұзылуы – 10,5 мың, есту қабілетінің бұзылуы – 7,1 мың, аутизм – 1,1 мың.

Ерекше оқыту қажеттіліктері ескерілген 118,2 мың (85,3 %) бала түзету-педагогикалық қолдау арқылы білім алады (83,5-і мың мектеп жасындағы

және 34,7-і мың мектепке дейінгі жастағы балалар). Олардың ішінде 62,1 мың оқушы арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқытылады, (102 арнайы ұйымда – 14,0 мың бала; арнайы сыныпта – 8,5 мың бала; инклюзивтік – 30,0 мың бала, үйде оқытылатындары – 8,4 мың бала; жеке меншік білім беру ұйымдарында – 1,2 мың бала).

Арнайы оқытумен қатар инклюзивтік білім беру саясаты да іске асырылуда.

Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде үйде оқытылатын 6335 мүгедек бала республикалық бюджет есебінен компьютерлік техникамен және жабдықпен қамтамасыз етілген.

Диагностика нәтижелері бойынша мектеп жасына дейінгі 13,3 мың бала, мектеп жасындағы 14,9 мың бала 133 (2012 ж. – 129) психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде және 17 оңалту орталығында жеке оңалту бағдарламаларынан өтеді.

Орта білім беру саласында білім беру процесі негізінен қосымша білім беру арқылы іске асырылатын тәрбиелік компоненттермен тығыз байланысты.

Балаларға арналған қосымша білім беру бүгінгі күні үздіксіз білім беру жүйесінің өзекті және қажетті компоненті болып табылады. Ол балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, олардың зияткерлік, адамгершілік, физикалық жетілудегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сонымен қатар олардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған.

2013 – 2014 оқу жылында балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының желісі 660-ты құрайды (2012 ж. – 641). Оларда 576,2 мың (2012 ж. – 563,8 мың) бала қамтылған, бұл 23,1 %-ды құрайды (2012 ж. – 22,9 %).

Бүгінгі күні басты міндеттердің бірі – балаларды қосымша білім берумен қамту болып табылады. Қосымша білім беру ұйымдарының желісін кеңейтумен (салу, өзге де ғимараттарды беру есебінен) қатар мектептерде филиалдар мен бірлестіктерді ашу есебінен үйірмелердің, секциялар мен клубтардың саны көбеюде, қызығушылықтары бойынша клубтар ашылуда.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары шеңберінде бүкіл ел бойынша балаларға қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жүргізілуде. Астана қаласының Оқушылар сарайында Ұлттық интерактивті парк жұмыс істейді. Өңірлерде қосымша білім беру ұйымдарын «Робототехника» кешендерімен, қазіргі заманғы жоғары технологиялық жылыжайлармен, музыкалық жабдықпен, туристік-экспедициялық жабдықпен жаратқандыру бойынша жұмыстар атқарылуда.

Балалардың денсаулығы мен өмір салты ата-аналармен қатар қоғам мен мемлекет тарапынан жоғары көңіл бөлуді талап етеді.

Мектептерде 6243 медициналық кабинет қызмет етеді. Оқушыларды медициналық көмекпен қамтамасыз етуді 260 дәрігер мен 7525 медбике жүзеге асырады. Бұдан басқа созылмалы ауруға шалдыққан 507 мың баланың ішінен 20 мыңнан астам (4 %) денсаулығы әлсіреген балалар арнайы медициналық топтарда айналысады. Балалардың өсуі мен дамуын жүйелі түрде бақылау өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайын күнделікті бақылау жүйесіндегі маңызды кезең болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуында ыстық тамақ маңызды рөл атқарады. Республика мектептерінің 84,6 %-ында 1,9 млн. (80,4 %) бала үшін ыстық тамақ ұйымдастырылған. Күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың 99 %-ы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Жалпы білім беретін мектептерде спорттың түрлері бойынша спорт секцияларының желісі кеңейуде. 31 мыңнан астам спорт секциясы жұмыс істейді, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 5 мың бірлікке артық. Олардың қызметімен мектеп жасындағы балалардың 27,7 %-ы қамтылды (2012 ж. – 21,6 %).

Қазіргі кезде орта білім беру жүйесін жетілдіру үшін мынадай бағыттарда жұмыстар атқарылуда:

1) шығармашылықпен ойлауға және проблемаларды шешуге ынталандыру, сондай-ақ өмір бойы оқуға дайындығын нығайту үшін мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту;

2) орта білім беру мазмұнын жаңарту – (Басым бағыттарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілді);

3) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Кембридж университетімен бірлесіп әзірлеген тың жаңа мазмұнды қолдана отырып, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның педагогикалық шеберлік орталығы мен «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ базасында мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру. Бүгінгі күнге дейін курстан 23 мың ұстаз өтті.

Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстандық білім беруде соңғы жылдары білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға беталыстар мен тәсілдер қалыптасты.

Жекелеген білім беру мекемелері мен өңірлік білім беру жүйелерін көшбасшы ретінде қолдау білім беру практикасын жүзеге асырудың жаңа жолдарын көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге білімді одан әрі жаңғырту білім беру жүйесінде кең ауқымды, жүйелі өзгерістерді, Қазақстан субъектілері мен білім беру мекемелерінің басым бөлігін елдің инновациялық әлеуметтік

бағдарланған даму процестеріне тартуды талап етеді.

Орта білім беру жүйесінде нашар материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік базамен әрі оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңартумен байланысты проблемалар орын алып отыр.

7332 жалпы білім беретін мектептің:

- 1) 2257-сі (30,7 %-ы) ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан;
- 2) мектептердің 5954-і немесе 81,2 %-ы 1990 жылға дейін, ал 2427-і немесе 33,1 %-ы 1970 жылға дейін салынған;
- 3) 182 мектеп немесе 2,5 %-ы апаттық ғимаратта орналасқан;
- 4) мектептердің 4949-ы немесе 67,5 %-ы екі ауысымда, ал 112 мектеп немесе 1,5 %-ы үш ауысымда жұмыс істейді;
- 5) мектептердің 1452-сі немесе 19,8 %-ы күрделі жөндеуді қажет етеді;
- 6) 796 мектеп немесе мектептердің жалпы санының 10,8 %-ы пешпен

жылытылады;

7) тек 3644 мектеп (49,7 %-ы) жаңа модификациядағы физика кабинеттерімен, 2163 мектеп (29,5 %-ы) химия кабинетімен, 2911 мектеп (39,7 %-ы) биология кабинетімен, 3820 мектеп (52,1 %-ы) ЛМК-мен жабдықталған;

8) 1975 мектептің (27 %) спорт залы, 859-ының (11,7 %) кітапханасы жоқ.

Мұғалімдердің төмен сапалық құрамы: педагогтердің жалпы санының 16,3 %-ы жоғары санатты, 31 %-ы бірінші санатты. Қызмет ететін әрбір бесінші мұғалім 50 және одан жоғары жаста. Педагогтердің жалпы санынан еңбек өтілі 3 жылға дейінгісі – 12,8 %. Жыл сайын жас мамандар есебінен толығы тек 3,3 %-дық ұрайды.

Соңғы жылдар динамикасы (2013 ж. – 7332 мектеп, 2010 ж. – 7516 мектеп) күндізгі мектептер санының азаюын көрсетіп отыр. Ең күрт азайып отырғаны бастауыш мектептер, одан кейін негізгі және орта мектептер. Бұл шағын ауылдардағы шағын жинақты мектептердің (бұдан әрі – ШЖМ) жабылуымен байланысты. Республика мектептерінің 50 %-ы ШЖМ болып табылады. Кейбір облыстарда шағын жинақты мектептер басым болып отыр, Солтүстік Қазақстан (85,2 %), Ақмола (78,9 %), Қостанай (75,3 %), Батыс Қазақстан (74 %) облыстарында.

Енгізіліп отырған электрондық оқыту жүйесінің техникалық-экономикалық негіздемесі түзетуді талап етеді. Қолданыстағы ақпараттық жүйелер интеграцияланбаған және өзара әрекет етпейді. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылмаған. Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының жұмысына кешенді функционалдық талдау жасалмаған.

Елімізде қалыптасқан дамудағы ауытқушылықтың кешенді диагностикасы,

ерте түзету-педагогикалық қолдау жүйесі даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың әрбір үшіншісін ғана жалпы білім беру процесіне тартуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндіктері шектеулі мектеп жасына дейінгі балалардың білім алуға тең қолжетімділігі толық көлемде қамтамасыз етілмеген.

Оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде, логопедтік пункттерде, мектепке дейінгі және инклюзивтік оқыту кабинеттерінде, оқу-тәрбие орталықтарында 27,5 мың бала мен жасөспірім түзету-педагогикалық көмек алады, бұл анықталған мүмкіндіктері шектеулі балалардың 18,5 %-ын құрайды. Олардың 9,2 %-ы түзету-педагогикалық көмекті психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде, оңалту орталықтарында, логопедтік пункттерде және оқу-тәрбие орталықтарында ғана алады.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар желісі ж е т к і л і к с і з .

Зағип балаларға арналған Брайль қарпіндегі және нашар көретін балаларға арналған ұлғайтылған қаріптегі оқулықтарды басып шығару мәселесі проблема күйінде қалып отыр. Арнайы мектептерде көнерген және мазмұны ескірген оқу әдебиетінің 90 %-на жуығы қолданылып келеді.

Қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нашар: 660 ұйым мен олардың 20 құрылымдық бөлімшесі ішінен 183-і ғана үлгілік ғимараттарда орналасқан, 478-і бейімделген ғимараттарда, 16-сы мектеп жанындағы ғимараттарда, 3-уі жалға алынған ғимараттарда жұмыс істейді. 660 қосымша білім беру ұйымдарының 179 ғимараты (26,3 %-ы) күрделі жөндеуді талап етеді, 22-сі немесе 3,2 %-ы апаттық жағдайда.

Бұқаралық спортты тиімді дамыту үшін спорт залдары, спорт құралдары мен жабдығы жеткіліксіз, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық объектілердің көпшілігінің қолжетімділігі қамтамасыз етілмейді.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

1. С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) өңірлердің демографиялық, көші-қон, экономикалық даму факторларының ә с е р е т у і ;

2) білім беру объектілерінің қолданысқа енгізу мерзімінің сақталмауы;

3) мектеп ғимараттарының 15,6 %-ы рұқсат етілетін пайдалану мерзімі аяқталған және әлеуетті апатты жағдайдағы мектептер болып табылады;

4) жергілікті атқарушы органдардың балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын жеткілікті қаржыландырмауы;

5) мұғалім кәсібі беделінің төмендеуі;

6) қалалық және ауылдық жердегі білім беру сапасындағы алшақтық: ақпараттық-коммуникациялық техникамен, интернет ресурстарымен және электрондық оқыту құралдарымен қамтамасыз ету деңгейі төмен, ауыл

мектептерінің барлығы интернетке қосылған, алайда қала мектептерінің 67,2 %-ы кеңжамақты интернетке қосылғанда, ауыл мектептерінің іс жүзінде кең жамақты интернетке қолжетімділігі жоқ;

7) мүмкіндіктері шектеулі балалар мен мүгедек балалардың сапалы білім алуы үшін көзделген тең құқықтарының толық көлемде іске асырылмауы;

8) халықтың жеткіліксіз хабардар болуынан инклюзивтік білім берудің нашар енгізілуі;

9) инклюзивтік (тарта отырып) білім беру идеясын насихаттауда медиаресурстардың әлсіз пайдаланылуы.

2. Ішкі факторлар:

1) орта білім берудің жаңартылған мазмұны;

2) ШЖМ қолдау үшін құрылған тірек мектептерінің (ресурстық орталықтар) желісінің болуы;

3) деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілік арттырудан өткен 23,0-нан астам педагогтің болуы;

4) мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерте жастан кешенді түзету-педагогикалық көмек көрсету үшін арнайы ұйымдар желісінің жеткіліксіздігі.

3. Техникалық және кәсіптік білім

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері Техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) жүйесі еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыруда және ел экономикасының даму перспективасында маңызды рөл атқарады.

Облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім беру басқармаларының деректері бойынша елімізде 849 колледж жұмыс істейді, оның ішінде 472 мемлекеттік, олардың 175-і немесе 20,6 %-ы ауылдық жерде орналасқан.

Білім алушылар контингенті 561,9 мың адамды құрайды, оның ішінде колледждерде күндізгі бөлімде 457,6 мың адам оқиды (104,3 мың адам сырттай бөлімде білім алады), олардың ішінде 244,4 мың адам мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды.

Оқыту 183 мамандық пен 463 біліктілік бойынша жүргізіледі. Білім алушылардың 51 %-ы немесе 286,1 мың адам техникалық, технологиялық, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша білім алууда.

2013 жылы 1480 орындық 3 колледж пайдалануға берілді (Алматы қаласында 720 оқушы орындық мемлекеттік жолаушылар көлігі және технология колледжі және Маңғыстау облысының Қарақия қаласында 400 оқушы орындық және ОҚО Шаян ауылында 360 оқушы орындық колледж).

Құрылыс және реконструкциялау есебінен жатаханаларда қосымша 772 орын енгізілді, соның ішінде:

1) Жамбыл облысында 32 орындық, Маңғыстау облысында 200 орындық 2 жатақхана салынды;

2) Қостанай облысында 100 орындық, ОҚО-да 300 орындық 2 жатақхана қалпына келтірілді;

3) Алматы облысында 140 орындық 1 жатақхана реконструкцияланды.

Білімге, өмір бойы оқуға негізделген экономика және қоғам бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды пайдалану, әлеуметтік бірлікті жақсарту, тең мүмкіндіктер мен өмір сүру сапасы проблемаларын шешу тәсілдері болуы тиіс.

Техникалық және кәсіптік білім беруде қазіргі еңбек нарығының талаптарына сай жүйеге көшуді жүзеге асыру қажет, ал білім беру бағдарламалары Ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) арқылы кәсіптік стандарттар негізінде қалыптасады.

2013 жылы ТЖКБ мазмұнын жаңарту мақсатында кәсіптік стандарттар (бұдан әрі – кәсіптік стандарттар) негізінде 80 үлгілік оқыту жоспары мен бағдарламасы әзірленді. Министрлікпен Дүниежүзілік Банк қарызы есебінен «Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту» жобасы шеңберінде (2010 жылғы 24 қарашадағы № 7931 Қарыз туралы келісім, 2011 жылғы 2 шілдеде ратификацияланған, 2011 жылғы 9 тамызда күшіне енген) мемлекеттік органдарға 66 мамандық бойынша кәсіптік стандарттарды әзірлеуге көмек көрсетті (геология, тау-кен өндірісі мен пайдалы қазбалар өндіру – 7, энергетика және электр энергетикасы – 8, металлургия және машина жасау – 9, құрылыс, өндіріс, монтаж, эксплуатация және жөндеу (сала бойынша), транспорт (сала бойынша) – 11 жоба, байланыс – 10, ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология – 10, мұнай-газ және химия өндірісі – 11). ҰБЖ енгізу шеңберінде білім саласында 10 педагогикалық мамандық бойынша кәсіптік стандарттар әзірленді (ҚР Еңбекмині есебінен бөлінген қаражат есебінен).

Пилоттық режимде мұнай-газ, тау-кен өндіру және туризм салаларындағы 3 жұмыс беруші бірлестігі («KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы, Тау-кен өндіру және тау-кен металлургиялық кәсіпорны республикалық қауымдастығы, Қазақстан туристік қауымдастығы) базасында тәуелсіз біліктілікті растау орталықтары құрылды. Аталған орталықтар пилоттық оқу орындарындағы бітірушілерді сертификаттау жұмыстарын жүргізеді.

2013 жылы ТЖКБ саласында кәсіптік даярлық деңгейін бағалауға және біліктілікті беруге 737 колледжден 112 613 бітіруші 141 мамандық бойынша қатысты. Олардың ішінен 93 мың бітіруші (82,6 %) алғашқы реттен сертификаттаудан өтті.

2013 жылы кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында ТЖКБ оқу орындарының 225 шеберханасы мен зертханасы 3,3 млрд. теңге сомасына қазіргі

заманғы жабдықтармен жарактандырылды, оның ішінде РБ есебінен – 2,4 млрд. теңге. Институционалды даму жоспарларының үздік әзірлемелері үшін 41 оқу орны Дүниежүзілік банк есебінен 2,2 млрд. теңге сомасында грантқа ие болды.

«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ (бұдан әрі – Холдинг) арқылы ТЖКБ жүйесінде басқарудың қазіргі заманғы технологиялары мен әдістерін енгізу жұмыстары б а с т а л д ы .

Холдинг стратегиялық әріптестерді айқындады, жұмыс берушілермен және салалық қауымдастықтармен қарым-қатынас орнатты, оқытушыларды қайта даярлау бойынша уағдаластыққа қол жеткізді.

Кәсіпорындармен өзара іс-қимылды дамыту мақсатында 176 колледжде 2108 кәсіпорынның қатысуымен дуальді оқытудың негізгі элементтері енгізілуде.

Оқу орындары мен жұмыс беруші компаниялар арасында жасалған 25776 к е л і с і м ш е ң б е р і н д е :

1) ТЖКБ оқу орындарының 204,0 мың студентін практикадан өткізу үшін ж ұ м ы с о р ы н д а р ы н б ө л у г е ;

2) 618,5 млн. теңге сомасына ТЖКБ оқу орындарын материалдық-техникалық ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ;

3) 6,4 мың адамға компания қаражаты есебінен оқуға және стипендия төлеуге ;

4) ТЖКБ жүйесінің 2,2 мың инженерлік-педагогикалық қызметкерінің (бұдан әрі – ИПҚ) тағылымдамадан өтуіне жәрдем көрсетілді.

Жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі 66,7 %-дан 70,5 %-ға өсті.

ТЖКБ жүйесінде 45,6 мың адам инженерлік-педагогикалық қызметкер жұмыс істейді, олардың ішінде 4,5 мың адам – басқарушы кадрлар, 6,0 мыңы – өндірістік оқыту шебері, 35,1 мың адам – оқытушылар.

ИПҚ сапалық көрсеткіші мынадай: 45,7 мың адамның 41,2 мыңы – (90,2 %) жоғары білімді, 4,2 мың адамның (9,2 %) кәсіптік-техникалық білімі бар.

11,2 мың адамның (24,5 %) жоғары санаты, 9,1 мың адамның (20,0 %) бірінші санаты, 10,9 мың адамның (23,9 %) екінші санаты бар, 14,5 мың адамның (31,7 %) с а н ы ж о қ .

Жас ерекшелік топтары бойынша: 45 жасқа дейінгі қызметшілер саны – 27,2 мың адам немесе 59,5 %, 45 жастан асқандар саны – 18,6 мың немесе 40,7 % к ұ р а й д ы .

ИПҚ-ны жоғары деңгейде білім беруге ынталандырудың аздығы жоғары білікті кадрлардың экономиканың басқа салаларына кетуіне ықпал етеді. Жыл сайын 3 мыңға жуық жоғары білікті инженер-педагог кадр өндіріске кетеді.

Негізгі проблемаларды талдау

ТЖКБ жүйесінің қазіргі инфрақұрылымы және материалдық-техникалық жабдықталуы кадрлар даярлаудың сапасын және жастар үшін тартымдылығын

камтамасыз етпейді. Шеберханалардың тек 30,8 %-ы ғана қазіргі заманғы жаңартылған жабдықтармен

Қаржыландырудың және мемлекеттік тапсырыс бойынша бір маманды даярлауға кететін шығыстар құнының төмен болуы білім алушылардың заманауи біліктіліктерді алуына ықпал етпейді.

Әлеуметтік әріптестіктің әлсіз дамуы, кәсіпорындардың кадрлар даярлауға қызығушылығының болмауы.

Дуальді оқыту жүйесі бойынша кадрлар даярлауға жұмыс берушілерді тарту бойынша нормативтік құқықтық базаның болмауы.

Жұмыс берушілердің кәсіптік стандарттарды әзірлеуге мүдделі болмауы білім беру бағдарламалары мазмұнының уақтылы жаңартылуына кедергі жасауда

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

1. Сыртқы факторлар:

1) жергілікті бюджеттен ТЖКБ-ны қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі. Көптеген облыстарда ТЖКБ қалдықты қағидат бойынша қаржыландырылады;

2) студенттерді оқытуға арналған мемлекеттік тапсырыс құны оқу процесін толыққанды қалыптастыру үшін барлық шығыстар құрылымын жаппайды;

3) ТЖКБ ұйымдарының жатақханаларында орындардың тапшылығы;

4) жастар арасында кәсіби бағдар жұмыстары жүйесінің болмауы;

5) жұмыс берушілердің мамандар даярлауға жеткілікті түрде қатыспауы;

6) колледж студенттерінің өндірістегі өндірістік практикамен толық қамтылмауы;

7) ұзақ мерзімді кезеңге нақты кадрларға деген сұраныстардың болмауы.

2. Ішкі факторлар:

1) республиканың 24 ауданында ТЖКБ оқу орындары жоқ. Қазіргі таңда ТЖКБ жүйесінде жастардың тек 16,9 %-ы (561,9 мың адам) ғана оқиды;

2) жатақханалардың жетіспеуінен ауыл жастары үшін техникалық және кәсіптік оқытудың қолжетімсіздігі;

3) мемлекеттік тапсырысты қалыптастырудың және 1 маманды даярлауға кететін шығыстар есебінің бірыңғай әдістемесінің болмауы;

4) ТЖКБ оқу орындарының материалдық-техникалық базасының нашарлығы;

5) колледждердің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі, инженер-педагог қызметкерлердің қазіргі заманғы технологияны аз меңгеруі. Бүгінгі таңда инженер-педагог кадрлардың тек 7,5 %-ы (норма бойынша 20 %) ғана біліктілігін арттырады;

6) дуальді оқыту жүйесіне қатысатын тараптардың: мемлекеттің, бизнестің және студенттің жауапкершілігі заңнамалық түрде айқындалмаған;

7) жоғары білікті өндіріс маманын колледждегі инженерлік-педагогикалық

жұмысқа тарту және оның міндетті түрде кәсіпорындарда тағылымдамадан өту тетігінің болмауы.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері Республикада 131 (9 ұлттық, 31 мемлекеттік, 13 азаматтық емес, 1 ДБҰ, 1 халықаралық, 16 акционерлік, 60 жеке меншік) жоо жұмыс істейді.

2013 – 2014 оқу жылында жоо-лар студенттерінің контингенті 524,2 мың адамды құрайды, магистратурада 28,1 мың адам, докторантурада 1,5 мың адам о қ и д ы .

Профессорлық-оқытушылық құрамның (бұдан әрі – ПОҚ) саны 41,6 мың адам. Олардың ішінде PhD докторлары – 694, бейіні бойынша докторлар – 108, ғылым докторлары – 4008, ғылым кандидаттары 15908 адам. ПОҚ-ның ғылыми дәрежелілігі 49,8 пайызды құрайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру т а п с ы р ы с ы н б е к і т е д і .

2013 жылғы кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі: бакалавриат – 35053 грант, магистратура – 6959 орын, PhD докторантура – 520 орын. Магистратура гранттары санының бакалавриат гранттарының санына мұндай арақатынасы жоғары оқу орындары контингентінің әлемдік құрылымына (1 : 5) с ә й к е с к е л е д і .

Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыстың құрылымын қайта қарау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік тапсырыс салалық мемлекеттік органдар ұсынатын сұранысқа сәйкес қалыптастырылады. Гранттардың жартысынан астамы техникалық ғылымдар мен технологияларға, ауыл шаруашылығы және ветеринарлық ғылымдарға бөлінген.

Өңірлік жоо-лар мен ғылыми ұйымдар үшін мақсатты түрде докторларды даярлау жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте докторантура бағдарламалары шетелдік әріптестермен бірлесе отырып іске асырылады: міндетті түрде шетелден т е ñ ж е т е к ш і ш а қ ы р ы л а д ы .

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан әрі – Орталық) жұмыс істейді. Орталықтың негізгі қызметі шетелде кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру халықаралық бағдарламалары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

1994 – 2013 жылдары 10346 стипендия тағайындалған, түлектер саны – 6282 а д а м .

Оқытушылардың біліктілігін арттыру республикалық бюджеттің қаражаты, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен жүргізіледі. 2013 жылы 6379 (15,3

пайыз) оқытушы жоо-ның, кәсіпорындардың, инженерлік зертханалардың, салалық орталықтардың базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Сонымен қатар жоо-да осы бағыттағы жұмыс жүйелендірілмеген, біліктілікті арттыру бағдарламаларын қаржыландыру қамтамасыз етілмейді.

Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мазмұнын белгілеу құқығы бакалавриатта 55 %-ға дейін, магистратурада 70 %-ға дейін, ал докторантурада 90 %-ға дейін өсті. Бұл жоо-лардың академиялық еркіндігі мен ұтқырлығын арттырып, нақты өңірдегі еңбек нарығының қажетті кадрларға қатысты ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Республикалық бюджет есебінен қазақ тілінде оқулықтар жазу және басып шығару бойынша жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ шетелдік оқулықтар қазақ тіліне аударылып басылуда. Бағдарламаны іске асырған 3 жыл ішінде жоо кітапханаларына таралымы 350 мың данадан астам 300-ге жуық жаңа оқулық т ү с т і .

Қазақстан Ұлттық біліктілік жүйесін қабылдаған елдер қатарына енді. Қабылданған біліктілік шеңбері Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес келеді және әзірленіп жатқан Ұлттық біліктілік жүйесінің негізі болып табылады.

Қабылданған Қазақстанның 2020 жылға дейінгі академиялық ұтқырлығы стратегиясының негізінде студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы дамуда. Үш жыл ішінде 1,7 мыңнан астам студент пен магистрант шетелдік жоғары оқу орындарында оқып шықты.

Бірлескен білім беру және зерттеу бағдарламаларын іске асыруға шетелдік ғалымдар тартылуда. Үш жыл ішінде Еуропа, АҚШ, Ресей Федерациясы, Оңтүстік Шығыс Азия, Беларусь Республикасы, Украина және т.б. елдердің жоо-ларынан 4,2 мыңнан астам ғалым мен оқытушы шақырылды.

Ішкі академиялық ұтқырлық та даму үстінде. Ол кафедрааралық байланыс негізінде дамиды. Бүгінгі күні мұндай шарттар 72 жоо-да бар, бұл ішкі ұтқырлықпен 1100 студентті, 250 магистрантты, 16 докторантты, 360 оқытушыны қамтуға мүмкіндік берді.

Болон процесінің параметрлерін орындау отандық білім беру бағдарламаларын шетелдік білім беру бағдарламаларымен үйлестіруге, салыстырмалы білім беру бағдарламаларының үлесін ұлғайтуға және жоғары білімді интернационалдандыруға ықпал етеді. ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта санаудың қазақстандық моделі енгізілуде.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтар бойынша шетелдік әріптестермен бірлесе отырып жасалған білім беру бағдарламалары іске асырылуда. 41 жоо-да педагогикалық, техникалық, жаратылыстану-ғылым мамандықтары бойынша көптілділік бағдарламалары енгізілуде. Оның ішінде 15 жоо-да 13 педагогикалық мамандық бойынша 1200-ден астам адам оқиды.

Жоғары білім берудің сапасын бағалау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жоо-ларды аккредиттеудің ұлттық моделі енгізілген. Аккредиттеу бәсекеге қабілетті ортаға берілген. Қазақстан Еуропалық білім беру сапасын қамтамасыз ету тізілімінің үкіметтік мүшесі болды.

Ұлттық аккредиттеу органдарының тізіліміне 6 аккредиттеу агенттігі енген, оның ішінде 2-уі Қазақстаннан және 4-уі шетелден (2-уі Германиядан, 1-уі Австриядан, 1-уі АҚШ-тан).

Қазақстанның жоо-лары танылған халықаралық рейтингтерге қатысады. 2013 жылдың қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS рейтингісіне енген 300 үздік жоо-ның (299-орын) қатарына қосылды, Еуразия ұлттық университеті 303-орынды иеленді. «Топ 651-700»-ге М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Қазақстан – Британ техникалық университеті енді. «Топ 701+»-ке Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті енді.

Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 10 инновациялық бағыттағы жоо жұмыс істейді. Бұл жоо-ларға ғылым мен инновацияны дамыту, зерттеулерді коммерцияландыру, дарынды жастарды тарту үшін мақсатты мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Жоғары оқу орындарында 500-ден астам ғылыми-зерттеу бөлімшесі мен құрылым жұмыс істейді.

Жоғары оқу орындарының іске асырылып жатқан ғылыми-техникалық бағдарламалары мен жобаларының саны 10 есе өсті (2011 жылы – 1 бағдарлама және 87 жоба, 2013 жылы – 10 бағдарлама және 927 жоба). Жоғары оқу орындарындағы ғылымды қаржыландыру мөлшері де артты: 2011 жылы – 1 млрд. теңге, ал 2013 жылы – 7,3 млрд. теңге. Халықаралық рейтингті журналдарда ғалымдардың жариялану белсенділігі артты.

Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша корпоративтік басқару енгізілуде. 15 жоо басшысы Назарбаев Университетінің стратегиялық әріптесі Пенсильвания Университетінің (АҚШ) базасында оқытылды.

4 жетекші университетте байқау кеңестері жұмыс істейді. 64 жоо-дағы қамқоршылық кеңестердің жұмыс істеу қағидаттары қайта қаралуда.

Дегенмен, қазақстандық жоғары білімнің белгілі жетістіктері әзірше оның бәсекеге қабілеттілігінің факторлары бола алмады: Қазақстан білім беру жүйесінің сапасы бойынша ДЭФ БҚИ-де 148 елдің ішінде 88-орынды иеленді.

Негізгі проблемаларды талдау

Жоо-ны басқарудың ұлттық және институционалдық моделі бәсекеге

кабілетті кадрмен қамтамасыз ете алмайды және халықаралық тәжірибемен үйлестірілмеген. Ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен жоо-ны, оның ішінде мемлекеттік жоо-ны басқару жүйесі олардың әлеуетін тиімді іске асыруды шектейді. Тұтастай алғанда, жоғары білімнің сапасын қамтамасыз етудегі қоғамдық тетіктер мен жұмыс берушілерді, қоғамдық ұйымдарды тартудың б о л м а у ы .

Жоо-ға оқуға түсу жүйесі халықтың жоғары білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етпейді. Ауылдық мектептер түлектерінің жоғары білімге қолжетімділігі тең жағдайда емес. Сырттай оқу бағдарламасына қабылдау деңгейі жоғары болып отыр (жалпы контингенттің 27 %-ы). Халық табысының төмен деңгейі жоғары білімге қолжетімділікті шектеп отыр.

Кадрлар даярлаудағы диспропорция еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігіне әкеп соқтыруда. Бизнес және құқық бағдарламасына қабылдаудың жоғары деңгейі – 41 %, және ғылыми-техникалық мамандықтарға қабылдаудың төмен деңгейі – 24 % инновациялар мен технологияларға негізделген экономиканың сұранысын қанағаттандырмайды.

Өңірлерде мамандықтардың 61 %-ы өңірлік жоо-да қайталанатын және өңірлік дамудың басым бағыттарына сай емес. Жоо-ның қызметі өңірлерді дамыту бағдарламаларынан қол үзіп қалып отыр. Мамандандырылған жоо-лар саны аз. Жоо-ның басым көпшілігі – көпсалалы университеттер (65 %) және тек 35 %-ы ғана академиялар мен институттар. Жоо құрылымы мен студенттер контингенті құрылымындағы ауытқушылық еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігіне әкеп соқтыруда.

Жоғары білім мен ғылымның кірігуі жеткіліксіз деңгейде. Жоо ғылыми қызметке емес, білім беру қызметіне ден қойып отыр. ПОҚ-ның педагогикалық жүктемесі жоғары болып отыр (800 сағат, ЭДЫҰ елдерінде – 260 сағат). Осыған байланысты зерттеулерге арналған уақыт шектелген.

Сондай-ақ Қазақстанда зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру инфрақұрылымы дамымаған (жоо-ның 9,9 %-ында ғана коммерцияландыру кеңселері бар). Қазақстан Республикасында ғылыми зерттеулерге арналған мемлекеттік шығыстар ЖІӨ-нің 0,16 %-ын құрайды, ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш 2,4 %-ы құрайды.

Жоғары білімді қаржыландыру жүйесі бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту үшін білім берудің талап етілетін сапасы мен деңгейін қамтамасыз етпейді. Жоғары білімнің және ел жоо-ның бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі бірқатар факторларға байланысты. Жоо-ны қаржыландыру шынайы баға қалыптастыруды есептегендегі ең төменгі шығыстар деңгейіне сәйкес келмейді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге арналған мемлекеттік шығыстар үлесі ЖІӨ-нің 0,4 %-ын құрайды. ЕО елдерінде осы көрсеткіш 2,2 %-

д ы

қ ұ р а й д ы .

Материалдық-техникалық, оқыту-зертханалық және ғылыми база әлсіз. Жоо-ны мемлекеттік қаржыландырудың негізгі көзі студенттік грант болып табылады. Жоғары білім беруге арналған мемлекеттік шығыстардың 94 %-ын мемлекеттік оқыту тапсырысы құрайды. 6 %-ы – өзге де, оның ішінде материалдық-техникалық базаны қолдауға арналған шығыстар. Осы мақсаттарды бюджеттен тыс қаражаттан қаржыландыру мардымсыз. Жоо-ның инфрақұрылымы қатты ескірген. Студенттердің жатақханамен қамтамасыз етілуі жалпы алғанда 65 %-ды құрайды. Жатақханаға мұқтаждардың ең көп саны Алматыда – 21,3 мың, Астанада – 10,1 мың, Оңтүстік Қазақстан облысында – 7,6 мың, Ақтөбе облысында – 5,4 мың, Жамбыл облысында – 5,5 мың, Қарағанды облысында – 4,2 мың студент.

Экономиканың инновациялық дамуына және бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауды қамтамасыз етуге ықпал ететін жоғары білім сапасына қол жеткізу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінің алдағы үш жылдағы негізгі мақсаты болмақ.

Қамқоршылық кеңестері бар жоо желісін кеңейту жоспарланып отыр. Қамқоршылық кеңестің құзыреті оның мүшелерінің ректорларды тағайындауды шешу, жоо-ның даму стратегиясын бекіту, қаржы қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау мәселелеріне қатысуы есебінен кеңейтілетін болады.

Осы мақсатта заңнамалық актілерге қажетті өзгерістер енгізілетін болады.

2014 жылы біліктілікті арттырудың көпдеңгейлі жүйесі әзірленетін болады. Тәжірибені іске асыру барысында менеджерлердің жоғары және орта деңгейдегі жаңа буыны даярланатын болады.

Болашақ кәсіби қызметке бейімділікті анықтауға бағытталған жоо-ға қабылдаудың жаңа жүйесі әзірленетін болады.

Кадрларды еңбек нарығы мен үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың қажеттілігіне сай даярлау үшін жоғары білім мамандықтарының еңбек нарығындағы мамандықтар тізбесіне сәйкес келуі қамтамасыз етілетін болады. Кәсіби стандарттар негізінде модульдік оқыту бағдарламалары әзірленетін болады.

Білім беру, ғылыми және инновациялық қызметті кіріктіру үшін ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жүйесі құрылатын болады.

Жоо-ны қаржыландыру жүйесін жетілдіру мақсатында жоо-ны қаржыландырудың көп арналық моделі және жоо-ны қаржыландырудың жаңа критерийлік әдістері әзірленетін болады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

1. Сыртқы факторлар:

1) жоо-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мақсатты қаржыландыру

бағдарламаларының жоқтығы. Жоғары білім беру жүйесі жеткіліксіз қаржыландырылуда;

2) жұмыс берушілердің кадрлар даярлауға қатысуының жеткіліксіздігі. Білім берудің төмен сапасы түлектердің еңбек нарығында төмен сұранысқа ие болуына себеп болып отыр. Инновациялық экономика үшін кадрлар даярлауда еңбек нарығы мен жоо жүйесі нақты өзара әрекет етпейді;

3) кәсіпорындарда кәсіби оқыту мен студенттердің практикасын өткізуге мүмкіндік беретін оқыту орталықтары жоқ;

